

Наследие Динмухамеда Кунаева является национальным достоянием республики, его имя заслуженно вошло в золотой фонд истории Казахстана. У Кунаева всю жизнь была идея служить людям, поэтому, его и помнят, и любят до сих пор. Люди чувствовали, что он думал в первую очередь не о себе, а о народе. Обобщая вышеизложенное, необходимо отметить, что Д.А. Кунаев в будущее Казахстана, по его словам, смотрел «с обоснованной уверенностью и надеждой. Порукой тому крепнувший авторитет Казахстана, его миротворческие усилия, прочная стабильность межнациональных отношений, которую надо беречь всем нам особо, как первое условие любого успеха»[2]

Список литературы:

1. Кунаев Д. О моем времени.-«Ынтымак», 1992 г.
2. Кунаев Д. От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана). – Алматы: «Санат», 1994.
3. Малахова О. Его имя хранит история // Казахстанская правда. – 2012.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУШІЛЕР КӨЗҚАРАСЫМЕН

Хуан Қ., Елсуйерова С.Ш.

Ғылыми жетекшісі – г.ғ.м., аға оқытушы Уалиева Г.К.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
gulmi877@mail.ru
Қарағанды қ.

Жылдар жылжыған сайын өткен өміріміз артта қалып, тарих беттеріне хаттала беретіні белгілі. Кейбір уақиғалар ұзақ уақыт бойы ел аузында сақталып, қайта-қайта еске түсіп отырса, ал бір жағдайлар айтуға ауыз барғысыз. Жүрек сыздап, көңіл құлазиды. Қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген қанды оқиғаны, қиын да қасіретті жағдайларды басынан өткерді. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ жерінде үш рет ашаршылық толқыны болды. Алғашқысы 1917-1919 жылдардың аралығын қамтыды. Оған себеп-елдегі азамат соғысы. Ақтар мен Қызылдар арасындағы соғыс қазақтарға өз салмағын салмай өтпеді. Оларға азық түлік керек болу себебінен қазақтардың төрт түлігін тартып алды. Ол уақытта қазақтардың саны 1897 жылы жүргізілген бүкіл Ресейлік санақ жүйесі бойынша 4084000 болды. XX-ғасырдың басында Әлихан Бөкейхановтың да «Әлхамдулилләх, 6 млн болдық» деген ауызша дерегіне сүйенеміз.

Кеңестердің бір съезінде Тұрар Рысқұлов «114 000 қазақ аштықтан қырылды» деп мәлімдеді. Осылайша жаңа билік жаңа қоғам құруға кірісті. Қазақ төңкерілісінен кейінгі қызыл террор, қан қилы саясат, жаппай тәркілеу, ақ пен қызылдың қырғыны қазақ даласындағы нәубеттің басы ғана еді...

Ашаршылықтың екінші толқынына әскери коммунизм саясаты себеп болды, яғни, Кеңес өкіметі өзінің өнеркәсібін жұмысшы күшін қызыл армияны азықпен қамтамасыз ету үшін халықтың малы мен нанын күштеп тартып алды. Бұл кезең 1921-1922 жылдар аралығын қамтыды. Бұл ашаршылықтан қанша халық қырылды дейтін болсақ 2 түрлі дерек бар:

Бірінші - бұл «Правда» газетінде жарияланған Г.Сафаров деген комиссиардың дерегі

Екінші дерек ашаршылықпен күрес комиссиясының басшысы болған М.Әуезов «1700000 қазақ қырылды» - деді 1922 жылғы жасаған баяндамасында. Қазақ даласында қаралы тізімді қысқарту үшін ашаршылықпен күрес жөніндегі комиссия құрылып, бірқатар шаралар қабылданды. Ұлт зиялылары бұл туралы ашық айтты, жазды. Бірақ қолдан жасалған қасіретті, күн санап артқан адам шығынының алдын алу мүмкін болмады. Аштық салдарынан қаншама ана, қаншама бала көз жұмды. Қаншама қазақтың ошағы сөнді. Қаңғыған жетім көбейді.

Кейбір деректерде 1921 жылы қараусыз қалған балалар саны 128000 ға жетсе, жылдың аяғына қарай бұл көрсеткіш 158000 ға, ал 1923-жылдың басында 408000-нан асады. Алда қазақ елін тағы бір үлкен алапат кіші қазан төңкерісіндегі ұжымдастыру науқаны күтіп тұрды [1].

Үшінші ашаршылық – 1930 жылдардағы ұлы нәубет. Ол алғашқы екі ашаршылықта асып түсті. 1930 жылдары қазақ аспанын қара бұлт торлады. Бай малынан, кедей нанынан айрылды. Қазақ даласында бұрын соңды мұндай нәубет болған емес. Қызылдардың қатыгез саясатының салдары ақтабан шұбырындыдан да асып түсті.

Ашаршылық – Қазақстанда әлі де жүйелі түрде зерттелмеген, сонымен бірге тым саясиланып кеткен тақырып. Ол әдетте елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жарияланған 31-мамыр қарсаңында немесе сол оқиғаларға арналған фильм шыққанда еске алынады. Бірақ көп жағдайда бәрі журналистикамен шектеледі, ол адам шығыны туралы «төбеден алынған» сандармен және 1930 жылдардың басындағы үлкен апаттың себептері мен салдарына қатысты субъективті-бағалаушы пайымдаулармен бірге жүреді. Бірақ, өкінішке орай, кәсіби зерттеушілердің байыпты еңбектеріне назар аударатындар аз. Осы орайда алыс шетел авторларының кітаптары үлкен қызығушылық тудырады. Ең алдымен, Роберт Киндлердің «Сталиндік көшпенділер: Қазақстандағы билік пен ашаршылық», Сара Кэмеронның «Ашаршылық жайлаған дала», Никколо Пьянчоланың «Сталиндік тұтыну иерархиясы» атты үлкен мақаласы және «Қазақстандағы 1931-1933 жылғы ұлы ашаршылық», Ab Imperio журналында орыс тілінде жарияланған. Үш зерттеуші де Ресейдің, Қазақстанның және басқа да посткеңестік елдердің мұрағаттарында тыңғылықты жұмыс істеген.

Пьянчоланың айтуынша, ұжымдастыру мен азық-түлік сатып алудан айырмашылығы отырықшыландыру өте баяу және жұмсақ жүргізілді. Отырықшы шаруашылықтардың едәуір саны туралы деректер ойдан шығарылған, мұны 1934 жылы Қазақстанға келген үкіметтік комиссия ашқан.

Пьянчола гуманитарлық апаттың басты себебін басқа нәрседен көреді. Ол Сталиннің «ұлы бетбұрыс кезеңі» және КСРО-да азық-түлік ресурстарының бөлінуіне толық мемлекеттік бақылау орнатуы жаңа іргелі «тұтыну иерархиясының» қалыптасуына әкелді деп жазады. «Ұжымдастыру нәтижесінде туындаған экономикалық дағдарыс жағдайында сталиндік басшылық қала тұрғындары мен орталық бөлігіндегі өнеркәсіп қызметкерлерін тамақтандыру үшін өз ресурстарын пайдаланып, әлдеқайда артта қалған «өндіріс түрлері» бар халықты әдейі құрбан етті. Әсіресе, Кеңес Одағының ең ірі көшпелі халқы қазақтар қиын жағдайда болды, олар үшін мал өмір сүруге қажетті ресурс болды» [2].

Америкалық тарихшы Сара Кэмерон «Ашаршылық жайлаған дала, зорлық және кеңестік Қазақстанның құрылуы» атты зерттеудің авторы. Сара Кэмеронның дерегі бойынша Қазақстандағы ашаршылық тақырыбына қызығушылығы студент кезінен бастау алды және 10 жыл осы тақырыпта зеттеу жұмысын жүргізді. Америкалық зерттеуші өзінің сұхбаттарының бірінде оның «демонизациясын» антисемитизмнің көрінісі ретінде түсіндірді: ол Пьянчола сияқты басты кінәні Кремльге және жеке Сталинге жүктейді.

Сондай-ақ, Сара Кэмерон БҰҰ-ның тиісті конвенциясында бекітілген нысандағы «геноцид» анықтамасы 1930 жылдардың басындағы ашаршылықта қолданылмайды деп санайды, себебі Сталин мен оның айналасындағылардың нақты ниеті болғанын дәлелдеу мүмкін емес. Сонымен бірге ол өзінің сұхбатында геноцидтің кеңірек түсіндірмесі осы жерде қолданылуы мүмкін екенін атап өтті. «Этникалық және басқа топтардың тарихи, мәдени және экономикалық негіздерін мақсатты түрде жоюды қамтиды» дейді автор [3].

Неміс тарихшысы Роберт Киндлер Италия мен АҚШ әріптестерінің ашаршылықтың басты кінәсі туралы пікірімен келіседі, сонымен бірге қазақ ортасынан шыққан партия мүшелері мен шенеуніктердің рөлі туралы айтады. Ол өз кітабында басты кінәлілер ретінде Сталинді, Голощекинді және олардың бірнеше жақын серіктерін атап өту әдетке айналғанын жазады, содан кейін ол былай деп қосады: «Әдетте, тіпті ең жаман бұйрықтар мен бұйрықтардың да күшіне енетіні назардан тыс қалады және оны орындайтын адамдар бар. Әйтпесе, қазақтардың ұжымдастыру мен отырықшыландырудағы орталық рөлі туралы айту керек еді, ал зардап шеккендердің талабы қандай? Бірақ өткенімен бетпе-бет келгісі

келмейтіндер оны ұмытып, тарихтың өзіндік нұсқасын үстем баянға айналдыра бастайды» (337-бет).

1930 жылдардың басындағы қазақтардың аштықтан жаппай қырылуын геноцид деп бағалауға бола ма деген сұраққа үш зерттеуші де теріс жауап береді. Мысалы, Пянчола былай деп жазады: «Мәскеу ешқашан қазақтарды этникалық топ ретінде жою міндетін қойған емес. Оның үстіне қазақ қасіретін тікелей Сталиндік неоколониализммен түсіндіру мүмкін емес». Сонымен бірге, трагедияға әкелген негізгі фактор ол «жоғары саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін қолайлы баға болып саналған» жаппай өлімге сталиндік басшылықтың немқұрайлылығын атайды. Содан кейін ол: «Егер бұл өлімге дайындық болмаса, дағдарысқа әкелген саяси шешімдерді тоқтатуға және өзгертуге болар еді» деп түйіндейді [2].

Киндлер: «Ашаршылық жаппай өлтірудің геноцидтік бағдарламасы емес» деп үзілді-кесілді тұжырымдайды және ол геноцид тезисін жоққа шығарудың үш себебін атайды. Біріншіден, алапат ашаршылық бірде емес, екі емес, КСРО-ның әртүрлі халықтар мекендеген бірқатар аймақтарында болды. Екіншіден, осы уақытқа дейін қанша тырысқанымен, «сталиндік басшылықтың қанды ниетінің» бірде-бір нақты дәлелі табылған жоқ. Үшіншіден, Киндлер жазғандай, «геноцидтік ниет туралы айыптау бізді зардап шеккен халықтардың өздерінің апатқа қатысуын тексеру қажеттілігінен босатады. Өйткені, адамдардың тағдырын абстрактілі «коммунистер» шешкен жоқ: аштыққа ұшырағандардың өмірі мен өліміне көбінесе жергілікті партия мүшелері, шаруалар мен жұмысшылар жауапты болды. Алайда, украиндық тарихшылар да, олардың қазақстандық әріптестері де төменгі және орта әкімшілік деңгейден келген қылмыскерлер мен олардың уәжін жазбайды» [4]. Дегенмен, үш зерттеуші де бұл оқиғаны геноцид деп атауға болмайтын күннің өзінде, қасірет азаймайтынын, сол жылдары Сталиндік режим жүргізген саясаттың қатыгездігінің азаймайтынын айтады. Тағы бір жайт, бұл адамгершілікке жатпайтын саясат дәл этникалық белгілері бойынша құрбан ретінде таңдалған нақты топтарға қарсы бағытталмаған.

Осы орайда Роберт Киндлердің кітабының соңғы абзацынан үзінді келтірген жөн: «Қазақ қоғамының нәзік тұрақтылығын ескере отырып, «өткенді жеңудің» ұтымды стратегиясы оған өз тарихының «проблемалық» беттерін итермелеу керек пе? Табиғат апатындай халықты басынан өткерген ашаршылықты «ұлттық қасірет» деп түсіндіру жеткілікті ме? Әлде Қазақстанның ашаршылыққа өз жауапкершілігі туралы мәселені нақтылаумен қарқынды айналысатын кез келді ме? [4].

Отандық ғалымдар ашаршылық туралы көп зерттеген. Кітаптар, романдар, мақалалар жазған. Олардың барлығын жазуға архивтердің көмегіне сүйенген. Жалпы ғалымдар ашаршылықтың қолдан жасалғаны туралы нақты дәлелдеген, дәлелдері де бар. Кейбір ғалымдардың болған оқиғалар мен сол заманнан қалған көне көз қариялардың сөзіне сүйеніп жазған еңбектерінде бар. Мысалы, Құрманбай Еспенбетовтың «Күреңбел Қасіреті» кітабы, Амабай Есілбай «Асылдың сынығы» атты еңбектері.

Ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа-райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың тез таралуынан деген сынды сылтаулар іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қиылды. Оған дәлел мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар. Белгілі демограф ғалым М.Тәтімовтің есептеуінше 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс болғаны анықталды. Балалардың өлімі көптеп тіркелді. Зерттеулердің пікірі бойынша қазақтардың саны көп болған. «Мәскеуге барған бетте Ленин кітапханасынан 1926 жылғы санақтың қорытындылары жарияланған кітапты тауып оқығанмын. «Казахи – самая крупная тюркоязычная национальность советского союза – 6 млн 200 тыс человек» деген тұсын көшіріп алғанмын. Ал 1939 жылы 2 млн адам ғана қалған. Мұндай қорлыққа тек қой мінезді жуас халық қана шыдай алады. Ал біз жылқы мінезді халық емес пе едік!?» – депті жазушы Олжас Сүлейменов. 2016 жылы 27 мамырда Баянауыл аудандық «Баянтау» газетіне берген сұхбатында (№22 (10725)). 1897 жылғы санаққа сүйенген М.Тынышбаев былай деп жазады: «Біздің есептеулерге сәйкес қазақтар 4 091 746 адам. Орыс империясындағы түркі

халықтарының 30,08%-ын құрады. КСРО мемлекеттік мұрағатында мынадай құпия дерек бар. «Из всех тюркских или турецких народов России... самым многочисленным являются казахи. На территории в два миллиона триста тысяч кв. верст живет без малого 10 миллионов казахов». Мәскеулік тарихшы В. Кушкин «Советизация казахского аула» деген монографиясында бұл жылдары Қазақстанның тек солтүстік облыстарындағы (халқы тығыз орналасқан оңтүстігін есептемегенде) қазақтың саны 9 млн-нан асады деп жазған. Ал «Ақ боз үй» романының авторы Смағұл Елубай өзінің зерттеген деректерінде революцияға дейін қазақтардың саны 8,5 млн деп айтады. Ол бұл деректі [Очерки истории Киргиз-Казак] деген еңбектің авторы Александр Чулошниковтан алған [5].

Бір қазақтың ауылында тұтас әулетті, руыменен, тайпасыменен, ағайыныменен, асырап отырған байлар болды. Қаныш Сәтбаевтың жазған бір дерегінде бар 1929 жылы 500 байды отбасымен, дүние мүлкін тартып алып, өздерін Сібірге айдағаны туралы жазып қалдырған. Бұған тағы да бір дәлел «Калашников тұрып, Кулактарды тап ретінде жоямыз» деген сөзі дәлел.

Жетісу, Шығыс Қазақстан тұрғындары Қытайға, Батыс Қазақстан тұрғындары Түркіменстанға үдере көшті. Олардың саны 300 мыңнан 1 млнға жеткен..

Ашаршылық туралы бірталай зерттеп, талай архивтердің бетін ашқан жазушылардың бірі-Кәмел Жүністегі. Ол өзінің берген сұхбатында қанша қазақ ашаршылық жылдары қандай кескінмен өлім құшқандығы, бас көтерген байлардың қалай атылғаны жайлы мәлімдейді. Ол өзінің туып өскен жері-Қарағанды қаласы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы елді мекеніндегі ашаршылық оқиғасын үтір нүктесіне дейін жеткізіп, «Апат» романын жазып шыққан. Кәмел Жүністегінің бастауымен тіпті ашаршылық туралы деректі фильмдерде түсіріліп, 2008 жылы таспаланып шыққан [6].

Жалпы қорытындылай кететін болсақ, қазақ ғалымдарының ашаршылық жайында жазған, бүгінгі өскелең ұрпақ оқысын, тарихын білсін деп қалдырған еңбектері өте көп. Солардың бірнешеуін ғана айтып өтсек Манап Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», Құрманбай Еспенбетовтың «Күренбел қасіреті», Амантай Есілбайдың «Асылдың сынығы» атты шығарларында ашаршылықты бейнелеген. Ал біз өскелең ұрпақ тарихымызды ұмытпай, келер ұрпаққа айтып жеткізуге міндеттіміз. Өткеніміз біздің психологияға қалай әсер еткенін білмей, сұмдықтарды саралап, талдап алмай, жеке адамның талдауы толық болмайды. Қазір демограф мамандар қолдан жасалған осы ашаршылық болмаса, осы күндері біздің халқымыз 45 миллионға жетуі мүмкін екендігін дәлелдеп, айтып жүр. Сонымен бірге, бұл зұлмат қазақ ұлтының өсімін кем дегенде 100 жылға кейін шегеріп тастаған да көрінеді [7].

Біздің ойымызша, Қазақстанды жарақаттан кейінгі қоғам ретінде елестете аламыз. Қазақ өз тарихында басынан өткерген сұмдықты әлі де сезініп толық түсінуі керек. Ашаршылықтан қаза болған жазықсыз құрбандарды еске алып, құрмет тұтудың жаңа бір жобасын ойлап табу қажет сияқты. Аштық құрбандарына қара тас қойып, мемориалды тақта ілу аздық етеді. Жазықсыз құрбандарға арналып, еліміздің әрбір аймағында ескерткіш тақталар бой көтеруі қажет. Деректі фильмдерден бөлек, көркем фильмдер де түсірілгені абзал. Ақиқат шындықты көрсететін нақты деректерге құрылған фильмдер жарық көрсе, қазақ өзінің басынан қандай зұлматтардың өткенін түсінген болар еді. Сонда ғана келешек ұрпақ Тәуелсіздіктің біздің халыққа оңай жетпегенін, сол жолда қаншама халықтың шейіт болғанын сезінер еді. Аштыққа ұрынып қырылғандардың рухына тағзым етер еді. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Қазақ хандығынан бастап бергісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақ елі талай белестерді бағындырды. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартқандай болды. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ашаршылық. Қырылған қазақтың саны қанша? Саяси баға қашан беріледі? [Электрондық ресурс]. — Дереккөз: <https://informburo.kz/kaz/asharshyly-urylan-azaty-sany-ansha-sayasi-baa-ashan-berled.html>
2. Н. Пьянчола. «Сталинская «иерархия потребления» и великий голод 1931-1933 гг. в Казахстане». 2018. — 275 с..
3. [Электрондық ресурс]. — Дереккөз: // <https://abimperio.net>
4. С. Камэрон. Аштық жайлаған дала. 2020. — 324 б.
5. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер; [пер. с нем. Л. Ю. Пантиной]. — М. : Политическая энциклопедия, 2017. — 382 с.
6. С. Елубай. Ақ боз үй. — Алматы: «Жазушы», 2011. — 376.
7. Ашаршылық ақиқаты . Арнайы жоба. Дереккөз//<https://youtube.com/2jNjw3ZInbQ>
8. Ұ. Доспанбетов. Қанды жол. Роман. — Алматы: ИП «Немцев». 2020. — 488 б.

ПРОЯВЛЕНИЕ БЕСЧЕЛОВЕЧНОСТИ В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Жармухамедов А.

Научный руководитель: к.и.н., профессор Акылбаева И. М.

Университет КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева
i_akylbayeva@kazguu.kz, lastrose40@gmail.com

г. Астана

Сегодня большой интерес вызывает в истории человечества категория нравственности, которая также связана с сущностью политического режима. В XX веке было мало мира, а человечество пережило революции, смены идеологий, войны. В этих исторических событиях «темной историей» является тоталитаризм, который деформировал мораль и нравственные устои. Кризис «быть человеком» становится определяющей проблемой рассматриваемого периода и экзистенцией, связанной с тотальным государственным контролем всех сторон жизни общества, насаждением массового мышления и насилия. Тоталитаризм – пугающая дистопия и диктатура, бесчеловечность, стирающая человека из истории, полностью обесценивания его сущность во всем.

Вызывает интерес понимание природы тоталитаризма в произведении «Перманентная революция» Зигмунда Нойманна. Тоталитаризм представляет собой самостоятельный феномен тоталитарного превосходства во всех сферах человеческой инициативы и деятельности [1, с.25]. Тоталитарные диктатуры следуют к власти посредством революций, стараются сохранить неопределенность в социально-политической структуре общества, что и является состоянием «перманентной революции». Соответственно, логическому умозаключению это позволит обеспечивать тоталитарное господство над обществом, а проявление человеческой оппозиции в любой форме пресекаются и подавляются государством.

Так в работе Ханны Арндт «Истоки тоталитаризма» указывается, что причиной тоталитаризма выступает распад традиционных социокультурных основ и кризис «добропорядочного общества» в условиях первой мировой войны и нашествие масс в политику [1, с.29]. Масса поглощает индивидуальность личности. Поэтому в тоталитаризме предыдущего столетия проявляется бесчеловечность как порок в историческом измерении, примером которого являются многочисленные, массовые сталинские репрессии 30-е годов XX века в истории Казахстана. Сегодня до сих пор невозможно объяснить существование на протяжении нескольких десятилетий антигуманной политической системы, направленной против самого важного достижения цивилизации и наивысшей ценности - человека и его жизни.